

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2025 жылғы 6 тамыздағы № 309 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 7 тамызда № 36593 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 25.08.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 66-2-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындының қоса беріліп отырған нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 25 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы

К. Турсынбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 6 тамыздағы
№ 309 бұйрығымен
бекітілген
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар

министрінің
2025 жылғы " " № бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды

№ _____ 20__ ж. " _____ "

1. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының атауы

2. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны дайындайтын адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы

3. Осы қорытынды мынадай негізде

берілді

Тапсырыс берушінің өтінішінің нөмірі және күні* (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке

басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) жеке сәйкестендіру нөмірі, телефоны – жеке

тұлғалар үшін, ұйымның атауы – заңды тұлғалар үшін, бизнес сәйкестендіру нөмірі,

телефоны, пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің немесе ғимараттың нөмірі)

4. _____
объектісі

_____ объектiнiң атауы, функционалдық мақсаты, орналасқан жері

5. Объектінің құрылысын жүргізген:

1) мердігер (бас мердігер) _____

_____ ұйымның атауы, лицензияның нөмірі және алынған күні

_____ атынан басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

2) қосалқы мердігерлік ұйымдар _____

_____ ұйымның атауы, лицензияның нөмірі және алынған күні

_____ атынан басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

6. Объектінің техникалық сипаттамалары _____

Осы қорытынды тапсырыс берушіге беріледі* және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарға жолданады

Ескертпе: тапсырыс беруші* – Қазақстан Республикасының Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Қызметтің мақсаттарына байланысты тапсырыс беруші-жобаның (бағдарламаның) инвесторы, тапсырыс беруші (меншік иесі), құрылыс салушы не олардың уәкілетті тұлғалары тапсырыс беруші бола алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК